

ПСИХОЛОГИЯ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА- 2023 ж
20-21 СӘУІР 2023 ЖЫЛ

1. Олимпиадаға қатысуға "5B050300-Психология" («6B03107-Психология») білім беру бағдарлама бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері, бірінші (ЖОО ішіндегі) кезеңнің жеңімпаздары шақырылады. Қатысу тілі - қазақ, орыс. Өткізу форматы - дәстүрлі (офлайн).

2. Қатысушыларда өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс, уақытынан кешігіп қосылғандар олимпиадаға қатыстырылмайды.

3. Республикалық олимпиаданың 1,2,3 орын алған жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің дипломдарымен марапатталады.

	20-ші сәуір 2023 ж.
9.00-9.30	Олимпиаданың салтанатты ашылуы, философия және саясаттану факультеті деканының құттықтау сөзі
9.30-10.00	Қатысушыларды сәйкестендіру тәртібі, аудиторияда орналастыру
10.00-11.00	1-турды өткізу (жазбаша). БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША ТЕСТІЛЕУ- 60 минут (1 сағат) Пәндер: жалпы психология, жасерекшелік психология, медициналық психология, психологиялық кеңес беру негіздері - барлығы 40 сұрақ Ең жоғары балл - 100 балл 1-турдың нәтижелері бойынша әрбір ЖОО-дан екінші турға бір қатысушы жіберіледі.
11.30-11.40	1-турдың нәтижелерін жариялау
12.00-14.00	2 - турды өткізу (жазбаша). ПСИХОДИАГНОСТИКА- 120 минут (2 сағат) Тапсырма: бір сурет салу және бір тесттік әдістемелерінің интерпретациясын дайындау. Бағалау критерийлері: ғылыми-этикалық принциптер қағидаларын сақтауы,стилистика, мазмұндама сауаттылығы,деректерді талдаудың толықтығы мен жүйелілігі, қорытындының негізділігі, зерттелушінің жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеруі. Барлық жауаптар плагиатқа тексеріліп, шифрланады. Қатысушылар тапсырманы компьютерде орындайды, яғни Word бағдарламасында мәтін тереді, содан кейін PDF форматында сақтайды және көрсетілген мекен-жайға жібереді. Ең жоғары балл - 100 балл Осы турдың нәтижелері бойынша ең жоғары нәтижелерге қол жеткізген 6 (алты) қатысушы 3-ші турға жіберіледі. Егер бірнеше қатысушы бірдей балл жинаса, қазылар алқасының мүшелері қосымша сұрақтар қоюға құқылы.
15.00 -15.10	2-турдың нәтижелерін жариялау
16.00-18.00	3 -турды өткізу (ауызша) ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШКІРТАЛАС 1. Финалға қатысушылардың барлығына (6 адам) бір тақырып және сөз сөйлеуге дайындалу үшін 15 минут беріледі.Қатысушылардың біреуіне тақырып бойынша бір сұрақ және баяндаманы 3 минутқа дайындауы керек. Уақыт аяқталғаннан кейін қатысушылардың дайындалған сұрақтары жиналады. 2. Келесі кезекте жеребе тарту рәсімі орындалады, кім-кімнің сұрақтарына жауап беретінін және сөз сөйлейтінін анықтайды. 3. 6 қатысушының әрқайсысы (3 минут) сөйлейді, одан әрі сұраққа жауап береді (3 минуттан аспайды). Бағалау критерийлері: шешендік және коммуникативтік дағдылары, қойылған

	сұрақ пен жауаптың сапасы, сөйлеудің мазмұны. Ең жоғары балл - 100 балл
	21-ші сәуір 2023 ж.
10.00-12.00	МАСТЕР-КЛАССТАР ӨТКІЗУМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАРАФОН Олимпиадаға қатысушы жоо-ның барлық студенттері мен оқытушылары шақырылады!
12.00-12.30	ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ Жеңімпаздар 1,2, 3 тур бойынша баллдар сомасы бойынша анықталады 1 орын-1 студент 2 орын-2 студент 3 орын-3 студент Олимпиаданың жабылуы

Қазылар алқасының төрайымы-Төлегенова А. А. PhD доктор, "Аялы" психологиялық орталығының директоры, Нұр-Мұбарак университетінің доценті, психолог және "По душам" бағдарламасының тележүргізушісі <https://tolegenovas.kz/>

Ұйымдастыру комитетінің төрайымы- Мынбаева А.К. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Олимпиаданың техникалық хатшысы: Құдайбергенова Сандуғаш Қансаровна - психология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы. тел: +77052068537 (WhatsApp), email: psychology.kaznu.2021@gmail.com

Олимпиада бағдарламасы қосымша файлда жарияланады